



КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ



1985 жылы құрылған.

Факультетте түрлі тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі: «Арнайы және жалпы техникалық пәндерді зерттеуде ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі», «Аграрлық жоғары оқу орнында болашақ мамандардың психологиялық-педагогикалық дайындық сапасын көтеру жолдарының талдамасы», «Агроөнеркәсіп кешенінде қызмет маркетингін қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің теориялық және методикалық негіздері», «Жоғары кәсіптік білімнің сапа мониторингі», «Оқу үдерісін ұйымдастыру және бақылау түрлерін жетілдіру», «Оқу үдерісінде оқытудың электронды үлгісін қолдану»

Зерттеудің бағыттары:

-қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды білім жүйесіне енгізу және жетілдіру;

-кәсіптік білім берудегі әдістеме, оқыту теориясы және тәрбие.

Ғылыми әлеует: 3 ғылым докторы, ғылым кандидаты, магистр

Жетістіктері: 1 патент.

Кәсіптік оқыту кафедрасында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі жеке тұлғаның қазіргі заманғы психологиялық мәселелері атты ғылыми-практикалық зертхана жұмыс істейді.

Келесідей ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуда:

-антиидиотипикалық антителаның қасиеттерін жаңа диагностикалық және профилактикалық биодәрі-дәрмектердің зерттемесіне негіз ретінде зерттеу;

-өздік жұмыстар мен ғылыми жұмыстардың өз ара байланысы негізінде жоғары агротехникалық оқу орындарында студенттерді дайындаудың әдіснамасы;

-жоғары агротехникалық оқу орындарында химиядан білім беруді жобалауға қазіргі заманғы әдістеме;

-қашықтықтан оқыту жүйесінде (физика және экология пәндері негізінде) жалпы білім беру пәндері үшін мультимедиялық оқу курстарының үлгісі;

-қазіргі заман жағдайында жоғары математиканы оқыту әдістемесі;

-болашақ мамандардың кәсіптік білімін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру;

-есептегіш жүйелерді қазіргі заманғы желілік технологияларды пайдалану арқылы жобалау;

-қашықтықтан оқыту жүйесінің зерттемесі;

-жоғары агротехникалық оқу орындарында кәсіптік оқытудың болашақ мұғалімдерін дайындаудың теориялық-әдістемелік аспектілері.

Кәсіби әріптестері: Мичурин АГУ, Ташкент ГЭУ, Қары-Ниязов атындағы Өзбек НИПК, Чуваш Мемлекеттік педагогикалық университеті, «Парасат» Ұлттық ғылыми-техникалық холдингі.

